

SVEN®

Мультимедиялық
акустикалық жүйе 2.1

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



MS-2100

www.sven.fi

SVEN CM акустикалық жүйесін сатып алғаныңыз үшін ризамыз!**АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ**

© 2018. SVEN PTE. LTD. 1.0 (V 1.0) нұсқасы.

Осы Нұсқау және соның ішіндегі ақпарат авторлық құқықпен қорғалған. Барлық құқықтар қорғалған.

САУДА МАРКАЛАРЫ

Барлық сауда маркалары олардың заңды иелерінің меншігі болып табылады.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ШЕКТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ЕСКЕРТПЕ

Нұсқаулық барынша дәл болу үшін барлық күш салынғанына қарамастан, кейбір сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Осы Нұсқаулықтың ақпараты «дәл солай» шарттарында берілді. Автор мен баспагер, осы Нұсқаулықтағы ақпараттың кесірінен келтірілген залал үшін біреудің немесе ұйымның алдында ешбір жауап бермейді.

МАЗМҰНЫ

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС	2
2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ	3
3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ	3
4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ	3
5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ	6
6. ЖҰМЫС РЕЖИМІ	7
7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ	9
8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	10

1. САТЫП АЛУШЫҒА ҰСЫНЫС

- Бұйымды ақырын ашып, қораптың ішінде қандай да бір жабдықтар қалып қоймағанын үшін тексеріңіз. Құрылғыға залал келмегенін тексеріңіз. Тасымалдау кезінде бұйымға залал келтірілсе, жеткізетін фирмамен хабарласыңыз; бұйым жұмыс істемейтін болса, бірден сатушымен хабарласыңыз.
- Жиынтықтылық пен кепілдік талонның болуын тексеріңіз. Кепілдік талонда дүкеннің мөрі, сатушының анық қойылған қолы немесе дүкеннің мөртабаны және сатылған күні қойылғанын, тауардың нөмірі талонда көрсетілгенмен сәйкес келетініне көзіңізді жеткізіңіз. Есіңізде сақтаңыз, кепілдік талон жоғалып немесе нөмірлері сәйкес келмеген жағдайда Сіз кепілдік жөндеу жасау құқығыңыздан айырыласыз.
- Бұйымды температурасы төмен қоршаған ортадан кіргізгеннен кейін бірден қоспаңыз! Орауыштан алынған бұйымды бөлме температурасында 4 сағаттан кем емес уақыттай ұстау қажет.
- Бұйымды орнатып қолданудың алдында, осы Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, пайдалану мерзімі ішінде сақтаңыз.
- Көлік және тасымалдау жабдықтары тек бастапқы контейнерде рұқсат етіледі.
- Іске асыру үшін арнайы жағдайларын талап етпейді.
- Тұрмыстық және компьютерлік жабдықтарды кәдеге жарату үшін ережелерге сәйкес тастаңыз.

**Техникалық қолдау www.sven.fi сайтында орналасқан.
Осында Сіз осы Нұсқаулықтың жаңартылған нұсқауын таба аласыз.**

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS-2100

2. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҚ

- Сабвуфер – 1 дана
- Сателлиттер – 2 дана
- Дистанциялық басқару пульты (ДБП) – 1 дана
- AAA типтік қуат көзінің элементтері – 2 дана
- Акустикалық кабель – 2 дана
- Сигналды кабель – 1 дана
- Антенна сымы – 1 дана
- Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана
- Кепілдік талоны – 1 дана

3. ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз! Корпустың ішінде оқшаулауы жоқ элементтерінде, электр тоғы соғатындай кернеуі жоғары.

- Электр тоғына ұшырамау үшін, акустикалық жүйені (АЖ) ашпаңыз және өз бетіңізбен жөндемеңіз. Қызмет көрсету мен жөндеуді тек уәкілетті сервис орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыру керек. Уәкілетті сервис орталықтардың тізімін www.sven.fi сайтынан қараңыз.
- АЖ-нің колонкалардың арасында, дыбыс зорайтқыштың корпусына және жерге сымдардың тұйықталуына жол бермеңіз (соның ішінде «жерлендірілген»), себебі дыбыс зорайтқыштың шығу каскадтары бұзылады.
- Желілік розеткадан штепсельдің айырын суырғаннан бастап 2 секундтай аппаратураның желілік айырының істіктерін ұстауға болмайды.
- АЖ-нің тесіктеріне басқа заттардың түсіп кетпеуінен сақтаңыз.
- АЖ-ні жоғары ылғалдан, су және шаң тигеннен сақтаңыз.
- АЖ-ні қызып кетуден сақтаңыз: қыздырғыш аспаптарға 1 м-ден жақын орнатпаңыз. Тіке күн сәулесінен аулақ ұстаңыз.
- АЖ-нде, сонымен қатар жүйенің жанына ашық жалынның ешқандай аспаптарын орнатпаңыз.
- АЖ-ні дұрыс желденбейтін жерде орнатпаңыз. Ең кішкентай ауа саңылауы – 10 см. АЖ-ні қолданған кезде оны қандай да бір құрылғыларға орнатпаңыз, суытуды қиындататын майлық немесе басқа да ұқсас нәрселермен жаппаңыз.
- АЖ-ні тазарту үшін химиялық реагенттерді қолданбаңыз, жұмсақ құрғақ матаны пайдаланыңыз.

4. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАУ

MS-2100 акустикалық жүйесі (АЖ) 2.1 әуенді шығаруға және ойындарды, фильмдерді және т.б. дыбыстандыруға арналған. АЖ-ң кіріктірмелі дыбыс зорайтқышы және акустикалық кабельдері бар, соның арқасында қосымша дыбыс зорайтқышсыз кез келген дыбыс сигналы көздеріне (CD/DVD-ойнатқыштарға, теледидарға, ДК және с. ұ.) қосылуы мүмкін. Жинаққа FM-радио, аудиофайлдар ойнатқышы және сағат кіріктірілген. Жинақта ДБ пульты бар.


АЖ ерекшелігі

- Акустикалық жүйе PC, DVD/Media-ойнатқыштармен, ұялы телефондармен және басқа да дыбыс құрылғыларымен үйлесімді
- Кіріктірмелі FM-радио және сағат
- Жады тасушыларынан кіріктірмелі аудиофайлдар ойнатқышы
- Сандық VFD-дисплей


- USB flash, SD card қосуға арналған ажыратулар
- Екі коммутацияланатын кіріс жолы
- Дистанциялық басқару пульты
- «Mute», «Sleep», «ST-BY» режимдері
- Сабуфер және сателиттер корп-сының материалы – ағаш (MDF)

Сабуферді басқару панельдері

- ① VFD-дисплей
- ② IR: ИК-қабылдағыш
- ③ SD/MMC CARD: MP3 форматында жазылған музыкалық файлдары бар SD/MMC-карт* орнатуға арналған ажырату
- ④ USB: MP3 форматында жазылған музыкалық файлдары бар USB flash тасушыны SD/MMC-карт* орнатуға арналған ажырату
- ⑤ ◀◀/CH-: переход на предыдущий трек (кратковременное нажатие в режиме проигрыватель); предыдущая станция** (кратковременное нажатие в режиме радио)
- ⑥ ▶▶/AUTO: Қосу/Үзіліс (ойнатқыш режимінде қысқа уақыттай басу); старт/тоқтатуды өздігінен іздеу (радио режимінде қысқа уақыттай басу); дыбыс қаттылығының деңгейін реттеу (реттегішті оңға/солға бұрау)
- ⑦ ▶▶/CH+: келесі треке көшу (ойнатқыш режимінде қысқа уақыттай басу); келесі станция** (радио режимінде қысқа уақыттай басу)
- ⑧ INPUT/VOLUME -/+ : аспапты қосу (OFF режимінен реттегішті оңнан солға қарай бұрау) және дыбыс қаттылығының деңгейін реттеу; аспапты өшіру (ұзақ уақыттай басу); кіріс жолдарды, PC/AUX/FM/MP3 режимдерін ауыстырып қосу (қысқа уақыттай басу)
- ⑨ ON/OFF: қуат көзі ажыратқышы
- ⑩ Қуат көзі сымы
- ⑪ RADIO ANT: қабылдағыштың антеннасын қосуға арналған ажырату
- ⑫ PC AUDIO INPUT: ДК қосуға арналған ажырату
- ⑬ AUX AUDIO INPUT: желілік кіріс жолын қосуға арналған ажырату
- ⑭ AUDIO OUTPUT: сателиттерді қосуға арналған ажырату



1-сур. Сабуферді басқару панелі




2-сур. Сабуфердің
артқы панелі

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS-2100

Дистанциялық басқару пульты

- ① INPUT: АЖ-ң жұмыс жасау режимін таңдау
- ② TREBLE-/+: ЖЖ тембрін реттеу
- ③ TUNE+/-: диапазонды қолмен сканерлеу (радио режимінде)
- ④ CH-/◀◀: өткен треке көшу (ойнатқыш режимінде қысқа уақыттай басу)
өткен станцияға көшу** (радио режимінде қысқа уақыттай басу)
- ⑤ BASS-/+: ТЖ тембрін реттеу
- ⑥ SW+/-: сабвуфердің дыбыс қаттылығын реттеу
- ⑦ 0-9: сандық өріс
- ⑧ REPEAT: ойнатқыштың жұмыс жасау режимін таңдау
- ⑨ RESET: аудиореттегіштерді бұрынғысына қою
- ⑩ CLOCK: ағымдағы уақыттың көрсеткіштерін шақыру
- ⑪ VOL+/-: дыбыс қаттылығының деңгейін реттеу
- ⑫ SET: ағымдағы уақытты қою
- ⑬ CH+/▶▶: келесі треке көшу (ойнатқыш режимінде қысқа уақыттай басу);
келесі станцияға көшу** (радио режимінде қысқа уақыттай басу)
- ⑭ ▶/AUTO: Қосу/Үзіліс (ойнатқыш режимінде)
- ⑮ MUTE: дыбысын қосу/өшіру түймесі;
дисплей жарықтығын реттеу (ST-BY режимінде)
- ⑯ SLEEP+/-: «ұйқы режимі» атқарымының уақытын таңдау
- ⑰ ⏻: АЖ қосу/өшіру
- ⑱ SAVE: таңдалған жиілікті жадында сақтау (радио режимінде)



3-сур. ДБ пульты

Батареяларды ДБ пультына орнату

- ДБ пультының артқы жағында батареяларға арналған отсекті ашыңыз.
- AAA типті батареяларын (жинақтан) орнатыңыз.
- Батареяларға арналған отсекті жабыңыз.

Ескертпелер:

- ДБП 30° аспаған бұрышынан 7 метрлік қашықтығынан қолданыңыз.
- ДБП алдыңғы блоктағы ИК-қабылдағыштың ② терезесіне қарай қойыңыз.
- Егер ДБП жасамаса, батареялардың бар-жоғын тексеріңіз немесе отырып қалған батареяны жаңасына ауыстырыңыз.
- Ұзақ уақытқа дейін пультпен қолданбайтын болсаңыз (аптадан көп), батареяны ДБП-тан алып тастаңыз.

* Тасушы FAT, FAT32 форматталуы тиіс. SDHC class 10 және оданда төмен жадылы карталарын қолдануға болады. USB flash-тан айырмашылығы бар сыртқы қатты дискілерін және басқа құрылғыларды қоспаған жөн – АЖ бұзылуы мүмкін.

** Станциялардың жадында осы жиіліктер жазылған жағдайда ауыстырылып қосылады.

5. ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

АЖ орналасуы


- Колонкаларды тыңдаушыға қарай симметриялық түрде бір метр қашықтықта орнатыңыз. Сабвуфер бағытталмаған дыбыс шығарады, сондықтан сабвуфердің дыбысы ең жақсы шығатын бөлменің кез келген жерінде орнатуға болады.
- Аса сезгіш мониторлар мен теледидарлар сәл ғана қате көрсетуі мүмкін, сондықтан АЖні осы аспаптардан барынша алысырақ орнатыңыз.

АЖ қосылуы

MS-2100 моделі дыбыс сигналдың кез келген қуат көздеріне қосылуы мүмкін: DVD/CD-плеерлерге, ДК, ноутбук және с. ү. (схеманы 4-сур. қараңыз).

• Жинақтан алынған акустикалық кабельдерді қолданып, колонкаларды сабвуфердің AUDIO OUTPUT L/R ⑭ клеммаларына қосыңыз. Оң жақтық колонканы акустикалық кабель арқылы сабвуфердің AUDIO OUTPUT R шығу жолына, ал сол жақтық колонканы, қарама-қарсылығын сақтап, AUDIO OUTPUT L шығыс жолына қосыңыз. Колонка кабельдерінің плюстық (қызыл түсті) сымдары сабвуфердің плюстық клеммаларымен (+ → +), ал колонкалардың минустық (қара түсті) сымдары – сабвуфердің минустық клеммаларымен (- → -) жалғануы тиіс екеніне назар аударыңыз (схеманы 4-сур. қараңыз).

Ескерту. Клеммалардағы сымдардың бекітілуін, қарама-қарсылығына сәйкестігін, араларында жалаң сымдардың және аппаратураның металды бөлшектерімен байланысы жоқтығын тексеріңіз.



4-сур. Қосылу схемасы

Пайдалану жөніндегі нұсқаулық

MS-2100

- АЖ ДК-ге, MP3/CD-плеерлерге қосу үшін mini-jack 2RCA сигналдық кабелін (жинақтан) қолданыңыз. Ол үшін алдымен сигналдық кабельдің RCA-джектерін INPUT аудиокіріс жолының L және R ажыратуларына, кейін сигналдық кабельдің mini-jack-ін (Ø 3,5 мм) ДК дыбыс картасының LINE OUT портына немесе MP3/CD-плеердің аудиошығыс жолына (OUTPUT) қосыңыз.
- АЖ-ні TV, DVD/CD-ойнатқыштарға қосу үшін 2RCA ге 2RCA (жинаққа кірмейді) сигналдық кабелін қолданыңыз. Ол үшін, 4-сур. көрсетілгендей, алдымен сигналдық кабельдің RCA-джектерін AUX AUDIO INPUT ③ аудиокіріс жолының L және R ажыратуларына, кейін TV, DVD/CD-ойнатқыштарының аудиошығыс жолының ажыратуларына қосыңыз.
- Сабвуферді желіге қуат көзінің сымы ⑩ арқылы қосыңыз.
- АЖ-ң қуат көзін сабвуфердің артқы қабырғасындағы ON/OFF (⑨, ON) ажыратқышымен қосыңыз.
- АЖ-ні алдыңғы панельдегі реттеуіш бұрап ⑧ немесе ДБП-гі тетігімен ⑰ қосыңыз.
- Қалаған сигнал көзін басқару панеліндегі INPUT тетігін ⑨ қысқа уақыттай басып немесе ДБП-гі тетігін ① басып таңдаңыз.
- Жүйенің қалаған дыбыс қаттылығының деңгейін басқару панельдегі реттегіш ⑧ немесе ДБП-гі VOL+/- тетіктерін ⑱ қолданып таңдаңыз.
- ДБП-гі BASS+/- ⑤ және TREBLE+/- ② тетіктері арқылы ЖЖ/ТЖ тембрінің қалаған деңгейін таңдаңыз.
- Сабвуфердің дыбыс қаттылығының деңгейін ДБП-гі SW+/- ⑥ тетіктері арқылы ретке келтіріңіз.
- Радио тыңдаған кезде антеннаны алдын ала RADIO ANT ажыратуына ⑩ қосып, сапалы қабылдау үшін реттеніз (4-сур. қараңыз).
- АЖ-ні қолданып болған соң құрылғыны ON/OFF (⑨, OFF түрде) ажыратқышымен өшіруді, ал қуат көзінің сымын ⑩ розеткадан суыруды ұмытпаңыз.

6. ЖҰМЫС РЕЖИМИ

Ойнатқыштың режимі

- Егер тиісті ④ немесе ③ ажыратуларына (USB flash немесе SD/MMC card)* тасушыларының бірін орнатсаңыз немесе алдыңғы панельдегі INPUT тетігімен ⑨ қолдансаңыз жүйе өздігінен ойнатқыш режиміне ауысады, я болмаса ДБП-гі INPUT тетігін ① басыңыз. VFD-дисплейінде ① таңдалған режим, кейін табылған тректер саны және ойнап жатқан тректің реттік нөмірі, әрі қарай басынан басталатын уақыты көрінеді. Өзінен өзі қосылады. Алдыңғы панельде, ойнап жатқан тасушыдан сондай-ақ белгісі жанып тұрады.
- Тректі таңдау үшін, сандық тетігін ⑦ қолданып немесе алдыңғы панельдегі ⑤ және ⑦ тетіктерімен таңдап, ДБП-нен оның реттік нөмірін тікелей енгізуге болады. Дисплейде ① тректің реттік нөмірі, кейін басынан басталатын уақыты көрінеді.
- ДБП-гі REPEAT тетігімен ⑧ қосылу режимін таңдауға болады («ONE» – ойнап жатқан тректің қайталауы; «RND» – кез келген тәртіпте қосылу; «ALL» – тасушыдағы барлық тректердің қосылуы).

* Сыйымдылығы 512 Mb кем емес SD card пайдаланған жағдайда дұрыс жұмыс жасамауы мүмкін. Сыйымдылығы 8 Gb астам USB flash тасушысын пайдаланған жағдайда командаларды өңдеуге уақыт ұлғаю мүмкін.

Радио режимі

- Радио режиміне көшу үшін АЖ-ң қосулы түрінде алдыңғы панельдегі INPUT ⑧ немесе ДБП-гі INPUT ① тетіктерін басу керек. Дисплейде ① «FM» көрінеді.
- Табылған станциялар өздігінен сканерлеп жадында сақталу үшін алдыңғы панельдегі AUTO тетігін ⑥ немесе ДБП-гі AUTO тетігін ⑭ қысқа уақыттай басыңыз. Сканерлеу аяқталғанға дейін осы тетікті қайта бассаңыз, сканерлеу тоқтатылады. Сканерлеу кезінде дисплейде ① жиілік көрінеді, станция сақталған кезде берілген реттік нөмірі қысқа уақытқа көрінеді.
- Диапазонды қолмен сканерлеу үшін ДБП-гі TUNE-/+ ③ (жиілік бойынша төмен/жоғары) тетіктерін пайдаланыңыз. Таңдалған жиілікті сақтау үшін ДБП-гі SAVE тетігін ⑩ басып, кейін алдыңғы панельдегі ⑤, ⑦ немесе ДБП-гі ④, ⑬ тетіктерімен сақтау үшін ұяшықтың нөмірін таңдап, қайтадан SAVE тетігін басыңыз. Сақтау кезінде дисплейде ① «Good» хабарландыруы көрінеді.
- Жадында сақталған станциялар болған жайтта ауыстырып қосылу алдыңғы панельдегі ⑤, ⑦ немесе ДБП-гі ④, ⑬ тетіктерін қысқа уақыттай басқан кезде жүзеге асырылады. Сондай-ақ ДБП-гі сандық өрісінен ⑦ жиілікті немесе жадында сақталған станцияның нөмірлерін тікелей енгізуге болады. Дисплейде ① қысқа уақыттай станцияның нөмірі, кейін жиілік көрінеді. Радио 2-3 сек ішінде белгіленген жиілікке қойылады.

AUX/PC режимі

- AUX/PC режиміне көшу үшін құрылғының қосулы түрінде алдыңғы панельдегі INPUT тетігін ⑧ немесе ДБП-гі INPUT тетігін ① басу қажет. Сабвуфердің дисплейінде ① «AUX» немесе «PC» көрінеді.

Сағат режимі

- АЖ ST-BY режимінде болған кезде дисплейде ① ағымдағы уақыт көрінеді. Жүйе басқа режимде болған кезде уақыт көріну үшін ДБП-гі CLOCK тетігін ⑩ қолдану қажет. Ағымдағы уақыт 3-5 секундке көрінеді.
- Ағымдағы уақытты қою үшін алдыңғы панельдегі INPUT тетігін ⑧ немесе ДБП-гі тетігін ⑰ ұзақ уақыттай басып көшіңіз. ДБП-гі SET тетігін ⑫ басып уақытын қою режиміне кіріңіз (дисплейде ① тиісті разряд жыпылықтай бастайды). ДБП-гі цифрлық өрісінен тікелей немесе алдыңғы панельдегі ⑤, ⑦ немесе ДБП-гі ④, ⑬ тетіктерімен қажетті уақыттың сағаты мен минутын қойыңыз. Сағат/минутын қоюдың арасында және қою режимінен шығу үшін ДБП-гі SET тетігін ⑫ басу арқылы жүзеге асырылады.

ST-BY режимі

- Осы режимнен шығу үшін алдыңғы панельдегі INPUT тетігін ⑧ немесе ДБП-гі тетігін ⑰ басып ұстап тұрыңыз. Осы режимге көшу үшін алдыңғы панельдегі дисплей ① ағымдағы уақытты көрсетеді.

MUTE режимі

- MUTE режиміне көшу үшін ДБП-гі MUTE тетігін ⑮ басыңыз. MUTE режимінен шығу үшін ДБП-гі тетігін ⑮ қайта басыңыз.

Ескерту. Бағдарламалық жасақтаманың үнемі жетілдіруі себебімен, АЖ басқарудың сипатталуы осы нұсқаулықта көрсетілгенінен айырмашылығы болуы мүмкін. Нұсқаулықтың соңғы нұсқасын www.sven.fi сайтынан қараңыз.

7. АҚАУЛАРДЫ ЖОЮ

Жарамсыздық	Себебі	Жою жолы
АЖ қосылмайды.	Желіге қосылмаған.	Дұрыс қосылуын тексеріңіз.
	Желілік ажыратқыш қосылмаған.	Ажыратқышты қосыңыз.
Дыбысы жоқ немесе АЖ-нің колонкаларында дыбысы тым жай шығады.	Дыбыс қаттылықтың реттеуіші барынша басулы.	Дыбыс қаттылықтың реттеуішін ретке келтіріңіз.
	Аудиосигнал көзі дұрыс қосылмаған.	Сигнал көздерін дұрыс қосыңыз.
Дыбыстың қате шығуы.	Кіріс дыбыстың үлкен амплитудасы.	Сигнал көздерінде және АЖ-нде дыбыс қаттылықтың реттеуіштерімен кіріс сигналдың көлемін азайтыңыз.
ДБП жасамай тұр.	ДБ пульты сабвуферге қосылмаған.	ДБ пульты сабвуферге қосыңыз.

Жоғарыда аталған амалдардың біреуі де мәселені шешпесе, жақын жердегі сервис-орталығына кәсіптік кеңес алу үшін хабарласыңыз. Бұйымды өз бетіңізбен жөндемеңіз.

8. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Сипаттамалар және өлшем бірліктері	Мөні
Шығу қуаты (RMS), Вт: сабвуфердің сателлитердің	80 (50 + 2 × 15) 50 2 × 15
Жиілік диапазоны, Гц: сабвуфердің сателлитердің	40 – 200 200 – 20 000
Динамиктер диаметрі, мм: сабвуфердің сателлитердің	Ø 176 Ø 80 + Ø 37
Қуат көзінің кернеуі, В/Гц	~230/50
Өлшемі, мм: сабвуфердің сателлитердің (бір колонканың)	198 × 345 × 300 120 × 216 × 103
Салмағы, кг	8

Ескертулер:

- Кестеде келтірілген техникалық сипаттамалар анықтамалық және наразы білдіру үшін негізі болып табылмайды.
- SVEN сауда маркасының өнімдері үнемі жетілдіріледі. Сол себептен техникалық сипаттамаар және жиынтықтылық алдын ала ескертілмей өзгеруі мүмкін.

Мультимедиялық акустикалық жүйе 2.1

SVEN®



Үлгі: **MS-2100**

Импортерлер СМ SVEN Қазақстан республикасында:

«ST Networks» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
050013, Алматы, Республика алаңы, Фурманов
көшесінің бұрылысы, уй 13/195, 13Б кеңсе,
тел: +7 (727) 266 36 13, e-mail: info@stn.kz.

«Alon Logistics» ЖШС, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Мақатаев көшесі, 117.

Сапа жөніндегі талап-тілектерді Қазақстан
Республикасы аумағында «О-Си-Эс Казахстан»
ЖШС-гі қабылдайды. Мекенжай: Қазақстан
Республикасы, Алматы қаласы, Мақатаев көшесі,
117, тел.: +7 (727) 352-86-68, e-mail: kz@ocs.ru.

Өндіруші: «SVEN ПТЕ. Лимитед», 176 Джу Чиат Роуд,
№ 02-02, Сингапур, 427447. «Свен Скандинавия
Лимитед» бақылауымен өндірілді, 48310,
Финляндия, Котка, Котolahdentie, 15.

Manufacturer: SVEN PTE. LTD, 176 Joo Chiat Road,
№ 02-02, Singapore, 427447. Produced under the
control of Oy Sven Scandinavia Ltd. 15, Kotolahdentie,
Kotka, Finland, 48310. Made in China.

® Registered Trademark of Oy SVEN
Scandinavia Ltd. Finland.



MS-2100